

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ- да 51-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияға

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ақпараттық технологиялар факультеті, ақпараттық жүйелер кафедрасының оқытушысы Құрметқан Тұрдыбек

### **IT саласында білім беру мен білімді бағалаудың негізгі мәселелері**

Мемлекеттің көркейіп-гүлденуі, әлеуметтік-экономикалық дамуы елдегі ғылым мен білім саласына тікелей байланысты. Осы тұрғыда білім беру бағытын үздіксіз жетілдіріп отыру аса маңызды. ҚР Білім және ғылым министрлігі білім сапасын арттыру қадамдары ретінде ұстаздардың жалақысын көтеру, материалдық базаны толықтыру үшін білім грантының мөлшерін көбейту және грант санын арттыру жолдарын таңдауда. Сонымен бірге әр салада мамандарды қалыптастырудың өзіндік үлгілерін қалыптастыруда.

ҚР Үкіметі «Цифрлы Қазақстан» жобасын қолға алумен бірге IT саласына ерекше назар аударуда. Жыл сайын бұл салада білім гранттарын аттырып отыр. Әлемдік пандемия кезінде елімізде бұл сала мамандарының әлі де сұранысты толық қанағаттандырып отырмағанын аңғартты. ҚР Білім және ғылым министрлігінің хабарлауынша еліміз бойынша 80-нен астам ЖОО IT саласы бойынша мамандар дайындайды екен. Бірақ, бұл оқу орындарының бәрі бәсекеге қабылетті, білікті мамандамен сұранысты толық қанағаттандырып отыр деуге келмейді. Сондықтан ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіндегі IT бағытында мамандарды дайындаудың тұжырымдамаларын әзірлеуде. Бұл жөнінде осы министрлік өкілдері арнайы кездесу өткізіп талқылағанын министрлер әлеуметтік желіде хабарлады.

Екі министрлік IT бағытындағы білім берудің кәсіби стандарттарын қалыптастырып, жоғарғы оқу орындарының білім беру бағдарламаларын талдауда, жоғарғы оқу орындарына өз ұсыныстарын ұсынатынын айтты. Сонымен бірге IT саласында білім беруде нарқықтағы мамандарды тартуды ұсынды. «Біз үшін жоғары оқу орындары мен колледждерде IT бағыты бойынша білім алып жатқан студенттерді нарықта үлкен жұмыс тәжірибесі бар өз ісінің мамандары оқытқаны маңызды. Сондықтан біліктілік талаптарынан осы бағыттағы оқытушыларға қатысты екі талапты алып тастадық деуге болады: IT бағыты бойынша білім беретін оқытушының

ғылыми дәрежесі болуы шарт емес және ол жоғары оқу орындарының штаттағы қызметкері болуы да міндетті емес. Бұл нарықтағы білікті IT-мамандарды білім беру үрдісіне белсенді тартуға мүмкіндік береді», - деп жазды ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов. Министр бұған дейін де ЖОО академиялық дербестігі заңы аясында білім беруде өндірісті тартуды ұсынған болатын.

Білім беруде өндірісті тарту тәжірибеге негізделген білім берудің негізі. Тәжірибеге негізделген білім беруді осыдан 1 ғасыр бұрын Алаш орда үкіметінің мүшелері де алға қойған. «Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі- тәжірибия болады, жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады», - деп жазған Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан 1926 жылғы «Жаңа мектеп» журналында.

Алаш қайраткерлерінің тәжірибеге негізделген тұжырымдамасы сол кездегі өздері үлге еткен Жапон елінің тәжірибесіне сүйенсе керек. Өндіріспен бірге маман дайындау қазіргі кезде Жапон елінің білім беру жүйесінің ең басты атықшылығы деуге болады.